

**«Арай» бөбекжай-бақшасының
өндірістік жиналыс хаттамасы.**

Хаттама №1

Қатысқандар: бөбекжай ұжымы

24.08.2023ж

Күн тәртібінде

«Арай» бөбекжай - бақшасында жылдық жоспар бойынша жүргізілетін өндірістік кеңестің іс – шарасын түзу, бекіту.

- 1.Топтардың жабдықталуы, жаңа оқу жылына дайындығы
- 2.Қызметкерлердің жыл сайынғы медициналық тексеруден өтуін бақылау.
- 3.Барлық топ балаларының құжаттарының толықтығын бақылау
- 4.Бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.

Тыңдалды:

2023-2024 оқу жылының алғашқы өндірістік жиналысын бөбекжай-бақша меңгерушісі А.Сагиндыкова ашық деп жариялады. Жиналыс жоспарымен таныстырды.

Бірінші мәселе бойынша:Топтардың жабдықталуы жаңа оқу жылына дайындығы бойынша шаруашылық меңгерушісі А.Балданова есеп берді. Топтарда әктеу, сырлау жұмыстары жүргізіліп, жарық, су жүйелерінің жұмыс жасап тұрғандығын айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша: Барлық қызметкерлердің яғни тех персоналмен педагогтардың барлығының медициналық тексеруден өткен кітапшаларының бар екендігі туралы бөбекжай-бақша мейірбикесі В.Совурбекова есеп берді.

Үшінші мәселе бойынша: Бөбекжай-бақшаның әдіскері М.Калдарова мен бөбекжай-бақша медбикесі В.Совурбекова балалардың құжаттарының толықтығын атап өтті, яғни 026 медосмотр, дені сау деген анықтама, өтінішпен жолдама қағаздарының толықтығына есеп берді.

Төртінші мәселе бойынша:Топтардың санитарлық эпидемиологиялық талаптарға сай кварцтау және желдетуін қатаң бақылауды медбике күнделікті қадағалап жатқандығын баяндады

Қаулы:

- 1.Топтарда әктеу, сырлау жұмыстары жүргізіліп, жарық, су жүйелерінің жұмыс жасап толығымен жүргізілсін.
- 2.Барлық қызметкерлер медитциналық тексеруден толықтай өтсін.
- 3.Бала денсаулық паспорты толықтығына көз жеткізілсін.

Жиналыс төрайымы:



А.Сагиндыкова

Хатшы:



Ж.Айткулова

**«Арай» бөбекжай-бақшасының
өндірістік жиналыс
хаттамасы № 2**

Қатысқандар: бөбекжай ұжымы

13.12.2023ж

Күн тәртібінде қаралған мәселелер.

1. Қыс мезгілінде төтенше жағдайлар және оның алдын алу.

2. Жылу мәселесі.

3. Мектепке дейінгі ұйымдарда Жаңа-жыл мерекесіне арналған іс-шараларға дайындық.

Бірінші мәселе бойынша сөзді медбике алып, қыс жағдайында орын алатын оқыс жағдайлардан алдын алу мақсатында сақтану нұсқаулықтарына тоқтала отырып егерде қыс мезгілінде тайғақтық болса, шаруашылық меңгерушісіне бір шара қолдауынын айтып ыңғайсыз жағдай болмауын алдын ала сақтану шараларымен қамтамасыз етіп отыру керек екенін.

Егерде жазатайым құлап қол-аяқтарын зақымдап алса, жедел жәрдемді шақырып алғашқы көмек болатынын айтты. Одан кейін қызметкерлер өз ойларымен бөлісті.

Екінші мәселе бойынша жылуқазандығының жұмысын қадағалау. Уақытылы жылу қазандығын тексеріп, техникалық қауіпсіздігін сақтау туралы б.б шаруа меңгерушісі А.Балданова дайындық жұмыстары туралы айтты. Бөбекжай-бақшабақша меңгерушісі А.Сагиндыкова қатаң қадағалайтынын мұқият түсіндірді. Өр топтың температурасын қадағалау туралы да айтты.

Үшінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша әдіскері М.Калдарова «Қош келдің, Жаңа жыл!» атты тақырыбында мерекелік іс-шара өткізу туралы айтты. Барлық педагог-тәрбиешілерін іс-шара жоспарымен таныстырды.

Қаулы:

1. Жоспарға сай дайындық жұмыстары жүргізілсін.

2. Жылу қазандықтары тексеріліп, қысқа дайындық жұмыстары қадағалансын.

3. Балабақшадағы «Жаңа-Жыл» мерекесі талапқа сай өткізілсін.

Жиналыс төрайымы:  А.Сагиндыкова

Хатшы:  Ж. Айткулова

**«Арай» бөбекжай-бақшасының
өндірістік жиналыс
хаттамасы № 3**

Қатысқандар: бөбекжай ұжымы

13.03.2024ж

Күн тәртібіндегі қаралатын мәселелер:

1. Асхана тазалығы, азық-түліктердің дұрыс сақталуы.
2. Өрт қауіпсіздігі ережелері туралы нұсқауды түсіндіру
3. Қар, су жаңбыр суларының алдын алу.

Бірінші мәселе бойынша балабақша медбикесі сөз алды. Мектепке дейінгі балалардың тамақтануында сүт маңызды орынды алады. Тәуліктік рациондағы сүттің көлемі 500г құрайды. Оған минералдық заттардың, толыққанды белоктың ауыстырылмайтын аминқышқылдары көзі болып табылатын сүт қышқылды өнімдерін қосады. Кондитерлік тағамдар мектеп жасына дейінгі балаларға зефир, қызыл жемістер, повидло, тәттілер, карамельдер ұсынылады. Күріш, манная, қарақұмық жармалары тағайындалады. 5-7 жастан бастап ас мәзіріне бидай және сұлы қосылады. Тамақтану арасындағы үзіліс 3,5-4 сағат болуы керек. Сонымен қатар медбике - ас үйдің санитарлық-гигиеналық жағдайына тоқталды. Ас үйі талапқа сай, барлық санитарлық талаптар орындалуда, аспазшының формасы, санитарлық тазалықтары өте жоғары. Азық-түліктерді сақтау, жуу секілді қолдану нормалары сақталуда.

Медбике Ж.Мусаева асхананың ас блогына көңілі толатынын айтты. Газ плиталарының үнемі таза ұстау керектігін көмекші аспазшыға ескертті. Балабақшаның асханасы гигиеналық талаптарға сай екендігін айтты.

Екінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгерушісі А.Сагиндыкова өрт қауіпсіздігі жайлы төтенше жағдайларды болдырмауына алдын алу іс-шараларының жоспары тізіліп, жоспар бойынша жұмыстар атқарылуын тапсырды. Өрт сөндіру үшін бастапқы құралдардың басқа орынға көшіру, технология жолдарының сызбасын бекіту және жабдықтау нөмірленген қосалқы кілттердің қолда болуы. өрт болған жағдайда не істеу керектігі туралы нұсқау берілді. Балабақша қызметкерлеріне өртке қарсы қауіпсіздік нұсқауларымен таныстыру жұмыстары жүргізілді.

Үшінші мәселе бойынша Үшінші мәселе бойынша балабақшаның шаруашылық меңгерушісі А. Балданова қар, су, жаңбыр суларының алдын алу бойынша құм салынған қапшықтардың бар екендігін мәлімдеді.

Қаулы:

1. Ас блогының жұмысын талдау / тамақтың әртүрлілігі, коллориясы/, ас үйдің санитарлық-гигиеналық жағдайы қанағаттанарлық деп есептелінсін.

2. Өрт қауісіздігі ережесі қатаң сақталсын.

3. Қыс мезгіліндегі сақталу шаралары бойынша мағұлмат берілсін.

Жиналыс төрайымы:



А. Сагиндыкова

Хатшы:



Ж.Айткулова